



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Әкелер күнін мерекелеуге қатысты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы 2023 жылғы 31 мамырдағы № 426 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі «**Әкелер күні**» (маусымның үшінші жексенбісі) мерекесімен толықтырылған.

Ағымдағы жылы Әкелер күнін мерекелеу **16 маусымға** сәйкес келеді.

Әкелер күнін ауқымды деңгейде атап өту отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді, әке болудың әлеуметтік рөл ретіндегі маңыздылығын қолдайды және әкелерге еңбегі мен бала тәрбиесіне қосқан үлесі үшін ризашылық пен құрмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, іс-шараның маңыздылығын ескере отырып, Әкелер күнін мерекелеу және осы күнге орайластырылған «**OTBASY FEST**» фестивалін өткізу тұжырымдамасы, іс-шаралар жоспарын ұйымдастыру және орындау үшін жолдаймыз.

Осыған байланысты, іс-шараның маңыздылығын ескере отырып, Әкелер күнін мерекелеу тұжырымдамасы және іс-шаралар жоспарын қосымша жолдай отырып, тиісті деңгейде ұйымдастыру және орындау үшін жолдаймыз.

Атқарылған іс-шаралар туралы толық ақпаратты **2024 жылдың 14 маусымына дейін жолдауларыңызды тапсырады.**

Қосымша: 5 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшының
міндетін атқарушы**



Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10



БЕКІТЕМІН
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің
басшының міндетін атқарушы
Б.Самылтыров
« 06 » _____ 2024 ж.

«Әкелер» күніне орай өткізілетін іс-шаралар
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Орындау мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1.	«Әке асқар тау биік шың» тәрбие сағаты	20-25 мамыр 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері Мекеме басшылары
2.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарында «Отбасындағы және бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» «дөңгелек үстел» отырысы	20-25 мамыр 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері Мекеме басшылары
3.	Әкелер мен ұлдарды қатыстыра отырып шағын футболдан «Спорттық отбасы» байқауы	10-13 маусым 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері; А.Маджит-білім бөлімінің әдіскері; Мекеме басшылары
4.	«Әке тәрбиесі-түгел ұлттың тура жолы» атты аудандық форум	14 маусым 2024 ж.	ББ ақпарат	Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі
5.	Әкелер мен балалардың қатысуымен «асық ату», «тоғызқұмалақ», «дойбы» жарыстарын ұйымдастыру	20-25 мамыр 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері; А.Маджит-білім бөлімінің әдіскері; Мекеме басшылары
6.	«Рухтың күші әкеде» атты аудандық дөңгелек үстел отырысы	25 сәуір 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері Р.Бекмолдаева-Ақыртөбе орта мектебінің директоры
7.	«Әке беделі-ұл абыройы» кездесу	16 мамыр 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері М.Сәрсенова-М.Әуезов атындағы тірек мектебінің директоры
8.	«Әкемдей болу-арманым» челлендж	10-14 маусым 2024 ж.	ББ ақпарат	Г.Ногайбаева-білім бөлімінің әдіскері Мекеме басшылары